

АБАЙ ҒЗИ-ДА «АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ» СЕРИЯСЫ КІТАПТАРЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕР КЕШІ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты 2023 жылғы 28 қыркүйекте заңғар жазушы, абайтанушы, әдебиеттанушы ғалым, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 126 жыл толуына байланысты «Абай институтының еңбектері» сериясымен 2023 жылы жарық көрген кітаптардың және электронды басылымдардың таныстырылымын өткізді.



Аталмыш кеште Абай ғылыми-зерттеу институтының абайтану мен әдебиеттану саласындағы 2023 жылғы ғылыми-зерттеу нәтижесінің көрсеткіші саналатын алты бірдей ғылыми маңызы мол жинақтардың және зерттеу кітаптарының тұсауы кесілді. Атап айтсақ: «Абай ілімі». Мақалалар жинағы. Алматы: Қазақ университеті, 2023; Жанғара Дәдебаев. Абай ілімі. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2023; Абай ілімін білу, түсіну және қолдану: ұжымдық монография. Алматы: Қазақ университеті, 2023; Абай. Избранные стихи и поэмы. Переводы с казахского Орынбая Жанайдарова. Алматы: Қазақ университеті, 2023; Абай ілімі. Дәрістер курсы. Алматы: Қазақ университеті, 2023 атты кітаптары.

Кешті филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев құттықтау сөзімен ашты. Профессор ілім мен білімнің бастауы болатын «Абай ілімінің» бүгінгі таңда жастар үшін өмірлік азық болатынын атап өтіп, пәннің

маңыздылығына, рухани, адамгершілік өзектілігіне тоқталды. Сондай-ақ, Абай ғылыми-зерттеу институтының профессорлары: Д. Ысқақұлы, Қ. Әбдесұлы, Т. Тұяқбай аталмыш кітаптардың құндылығын баса ескеріп, құндылығын атап өтті.



М. Әуезов атындағы ӘӨИ-дің профессоры, белгілі әдебиеттанушы ғалым Г. Піралиева өзінің құттықтау сөзінде Абай ғылыми-зерттеу институтының бұл саладағы орасан зор еңбегіне тәнті болғанын айтты. Таныстырылым модераторы, доцент Л. Мұсалы Абай ҒЗИ-дың ғылыми нәтижелері сипатталған электронды көрмені таныстырып, институттың электронды басылымдарын атап көрсетті. Кеш соңында кітаптардың экземплярлары таныстырылымға қатысқан Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, әл-Фараби кітапханасына және кітап авторларына, құрастырушыларға салтанатты түрде табысталды.

Бұл еңбектер «Абай ілімі» пәнінің негізгі оқу құралдары бола алатын құнды зерттеу жұмыстары екені сөзсіз. Кітаптар дәрістер жинағынан, оқу құралынан, ғылыми-зерттеу жинағынан және зерттеу мақалаларынан

құралған. Ақпараттық-цифрландыру заманының рухани сүзгісіне айналған «Абай ілімі» пәні жастарымыздың адами құндылығын нығайтып, еліміздің игілігіне қызмет атқарып, болашағымызды жарқын етері даусыз.



«Абай ілімі» пәні ұлт руханияты үшін қызмет атқарып, өзінің маңыздылығы мен құндылығы негізінде жоғары оқу орындарында таңдау пәні емес, міндетті пән болуы тиіс деп санаймыз. Себебі президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өз мақаласында атап өткендей «Абай – ұлтымыз бен жұртымызды танудың төте жолы».

**Абай ҒЗИ қызметкерлері Даутова Бибігүл,
Кенжеқожаева Алма**